

894.37-93
АВ
наз. яз.)

АРХИВТІК
КОР

АБАЙ

ЖАЗДЕМ УЛГІ
ЖАСТАРГА
БЕРНЕК ҮШІН



АЛМАТЫ – 1945

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА
АРНАЛҒАН ЖЫЙНАҚ**

АБАЙ

884.342-93
413

**ЖАЗДЫМ ҮЛГІ
ЖАСТАРҒА
БЕРМЕК ҮШІН**

Құрастырған. М. А. БАЛАҚАЕВ

000000

ҚАЗАКТЫН
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1945

КАРА

КІЛУ НЫДСАЖ
АГАНАДЫМК
НІҢГЕДЕРДІ

ЗХАСКАВ А. М. жетекшілік



Ныдсан
АГАНАДЫМК
НІҢГЕДЕРДІ

АБАЙДЫҢ ӨМІРІ ЖӨНІНДЕ БІР-ЕКІ СӨЗ

Казақтың атақты ақыны Абай (Ыбраһім) Құнанбаев 1845-жылы Семей облысының қазіргі Абай ауданында туған, 1904-жылы қайтыс болған. Абай қазақтың феодал семьясынан шыққан, оның ататегі, өз заманында, ел билеген, күшті тұқым болған.

Абайдың әкесі Құнанбай 10 жасында Семей қаласындағы Ахмет-Риза деген молданың медресесіне берді. Абай ол медреседе бірнеше жыл оқыды. Медреседе оқып жүріп тек дін оқуымен гана шырмалып қалмай ол өз бетімен талаптанып арап, фарсы, түрік тілдеріндегі кітаптарды іздел жүріп оқуға, әуес болды. Сүйтіп жүріп, арап, фарсы, түріктің Фердауси, Науай, Нұзами, Хафиз, Сағди сыйқты ақындарының шығармаларын еркін оқый алғатын болып солардың шығармаларымен танысты.

Ол шығармалар жас Абайға үлкен әсер етіп, ойын тербел, қыялын кеңітті. Содан кейін-ақ Абай сөз таңдап, әдебиетке үйір бола берді. Шығыстың «Мың бір түн» сыйқты ертеғілерін, ел аузындағы әңгіме жырларды, ертеғілерді, өз тұсындағы халық ақындарының өлең-жырларын, қазақтың шешендерінің өнегелі сөздерін ықластана тыңдап көnlіне тоқый берді. Оның устіне Абай, медреседе оқып жүріп, біраз орысша да оқып, орыс тілін үйрене бастады. Сүйтіп жүріп орыс әдебиетін де оқуға төсөліп, жасы үлгайып әбден есейіп алған кезде Абайдың қолынан кітап түспейтін болды, кітаптарды көп оқып білімін тереңдете берді.

Ол кезде Семей қаласында бір кітапхана болған. Абай сол кітапханага жи-жи барып орыс әдебиетін, ғылыми, тарихи кітаптарды алып оқып тұратын тұрақты оқушының бірі болды. Кітапханаға келіп кетіп жүргендеге, Абай Петербургтан Семейге жер аударылып келген Михаэлис деген кісімен танысты. Ол екеуі бірімен бірі танысып, сұраса-білісе келе біріне бірі аяулы дос-жар болып кетті.

Михаэлис 1880-жылдары патша үкіметіне қарсы курескен орыс халықшылдарының бірі болған адам. Абай Михаэлис сыйқты халықшыл революционерлер — Грос, Долгополовтармен де танысты, Олар Абайдың болашағы күшті, жаратылысы өзгеше, зор талантты адам екенин көзі жетіп, оған орыс әдебиетін, әсіресе, орыс әдебиетінің XIX ғасырдағы классиктерінің шығармаларын көбірек оқып деген ақыл айтты.

Бұл кез Абайдың 35—40 жасқа келген кезі еді. Олардың ақылы Абайдың өрісшіл ойын оята түсті. Абай өз бетімен орыс классиктерінен — Крылов, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедриндердің, сынщыл жазушылардан — Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писаревтердің шығармаларын бұрынғыдан да көрі көбірек оқып, олардан көп білім алды. Олардың, мысалы Пушкиннің, халықтың сую мотиві, Лермонтовтың саяси лирикасы, Салтыков-Шедриннің ол кездегі қанауышы үстем тапқа қарсы жазған өткір сыйқаттары сыйқты үлгілері Абай шығармаларына көп әсер етті. Бірақ, Абай оларға қалай болса-солай еліктей салмай, оқыған кітаптарын сынап оқып, өзіне керек пікірлерді сұрыптап, таңдап, асқан шеберлікпен қазақ тұрмысына жанастыра, өз шығармаларына пайдалана білді.

Абай 1855-жылдан (10 жасынан) өлең жазуға кірісті; бірақ юның нағыз ақындық, данышпандық бейнесін көрсететін шығармалары 1884-жылдан басталды. Соңғы 20 жылдық өмірінде Абай көп еңбек сіңіріп артындағы жастарға асыл сөздерін қалдырыды. Ол өз заманындағы өмір шындығын дүрыс көрсетіп өлең жазғанда, кейінгі жастарға өлеңін улгі болсын, одан жастар да баһра¹⁾ алсын деген мақсатта болған. Абай 1889-жылы жазған өлеңінің біріндегі:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жок-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін“

деген.

Абай өлеңдері өз заманының бейнесін жеткізе көрсеткен өмір айнасы. Абай шыншыл, халықтың қамын жеген данышпан ақын. Абай бай мен кедейдің тенсіздігін айтып, ел билеген жексүрүн әкімдерді жиркене сөгіп, халықты — үлкен-кішіні еңбек істеуге, мәдениетті болуға, өнер-білімге шақырып, жамандықтан безіп, жақсылыққа жетуге талпынуға үндеді. Өнегелі өситеттер айтқан асыл сөздің үстасы. Сондықтан Абайдың «қыйыннан қыйыстырылған» өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» оқушыларын еліктіріп, бойын балқытады; халық Абайды өте жақсы көреді, оның асыл сөзді шығармаларын сүйсіне қыйды.

Абай қазақ әдебиетіне орыстың классик ақындарының өлең үлгісін өте үсталикпен мінсіз етіп енгізді. Орыс халқының ұлы ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың бірталай өлең, дастандарын, Крыловтың мысалдарын қазақшага аударып, қазақ халқын тұңғыш рет орыс әдебиетімен таныстыруды. Сүйтіп, қазақ әдебиетін өсіріп, түр, мазмұн жағынан байытты. Қазақтың жаңа әдебиетін бастады. қазақ әдебиетін әлеумет жүйесінде мықты құрал боларлық, накты өсерін тигізерлік кең өрісті, биік шыңға көтерді; тілі мұлтікіз. ықшам, терең, магналы, сұлу жаңа өлеңдер үлгісін турызды.

Абай адамның әдебиеттегі келбетін жасаудың, табиғат бейнесін суреттеді де өте шебер үлгісін көрсетті. Сүйтіп, Абай қазақ әдебиетінде тұңғыш рет шын мағнасында жаңа өлең өлшеулерін, лирикалы өлеңдер түрін туғызды; әдебиет тілінің негізін салды; қазақтың жаңа, жазба әдебиетінің іргесін қалады. Сондықтан да Абайды қазақ әдебиетінің реалист класстық ақыны дейміз.

* * *

Бұл жыйнакқа — Абайдың таңдамалы өлеңдерінің бәрі кірген жок, мазмұн, көркемдік жағынан жастар үшін керекті, пайдалы деген өлеңдерінің көпшілігі енді. Оларды оқып пайдалануды жеңілдету мақсатымен жыйнакқа өнген өлеңдерді өзара магналық жақындығына қарай бірнеше тарауға бөліп-бөліп бердік: Бірақ оны тыянақты бөліс деуге болмайды. Үйткені «Насихат өлеңдер» дегенинің ішінде басқа да мәні бар өлеңдер бар, «Өнер-білімге шақыратын өлеңдер» дегенимізде де сол сыйқты. Және оның бірінен екіншісін табуга болады.

М. Балақаев.

1) Баһра — фарсы сөзі. үлес деген сөз. Бұл сез Қазақстанның Оңтүстік облысында айтылады.

НАСИХАТ ӨЛЕНДЕР

ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар, қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шафқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Баар едің қай жаққа?

Пайданы көрсөң бас үрып,
Мақтанды іздеп қайғы алма!
Мінінді үрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма!

Өзінде бармен көзге үрып,
Артылам деме өзгеден,
Қундестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден!

Ақырын жүріп, анық бас,
Енбегің кетпес далаға,
Үстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

ҚУАНБАНДАР ЖАСТЫҚҚА

Куанбаңдар жастыққа,
Елерме күлкі, мастыққа!
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?

Құрбыңың қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа!
Адалдан тапқан тыйынды,
Сал да сақта қапшыққа!

Қолдағыңды қорғап бак,
Мал арзан деп аптықла!
Сыпайы жүр де шаруа ойлә,
Даңқойланып қақтықла.

Беталды жанға бой салма,
Қорлық жуымас сақтықта!
Елу бесте біз дағы,
Сенісер адам таптық па?

Арсыз, құмар болғандар,
Опыр-топыр, шақ-шүққа.
Түспей жүр-ме көрдің бе!
Жалтаң-жұлтан, тақ-тұққа?

1901

АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ ЖӨН, АРТЫ СОҚПАҚ

Адасқанның алды жөн, арты сокпак,
Оларға жөн адамның сөзін үқпак.
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,
Әсте¹ жоқ кеселді істен биттей қорқпак

Бір аршөпке²⁾ шапаны сондай шап-шак,
Мүшесінен³⁾ буыншып, басады алшак,
Қарсы алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтак.

Жаздығуні ақ бөркі бүктелмейді-ак,
Қолында бір сабау бар одағы аппак.

1) Әсте (парсыша) — тым тіпті.

2) Аршөпке (орысша) — кездеме, бұлдың аты.

3) Мүшесінен — белбеуді төмен буынған деген мағнада.

Керегеге сабауды шаншып қойып,
Бөркін іліп қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар — кулығына болған айғак,
Тізесін созғылайды қалталанса-ак.
Үстаудағы кісідей мезгілі бар,
Күні бойы шешініп бір... ак.

Тірі жанға құрбан боп жап-жасында-ак.
Қалжындаамақ, қасынбақ, ыржаңдаамақ.
Бет аузын сөз сөйлесе, жүз құбылтып,
Қас кермек, мойын бұрмак, коразданбақ.

Осындағы сыйдаң жігіт елде мол-ак,
«Бәрі» де шаруаға келеді олак.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері — ку борбай, сымпыс шолак.

Олардың жоқ ойында малын бакпақ,
Адал еңбек, мал таппак, жүртқа жақпақ.
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдышып,
Сәлемдестпей алыстан ыржан қақпақ.

1886

БІР ДӘУРЕН КЕМДІ-КҮНГЕ БОЗБАЛАЛЫҚ

Бір дәурен кемді-кунге бозбалалық,
Картаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе, еш нәрседен күр қалалық.

Бар ойы, «өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылыш қолға алалық»
Қызды ауылға қырындап үйір болса,
Көңіліне зор куаныш бір бадалық¹⁾.

Демендер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсак, мал тапсак, қуаналық.
Қызды сүйсөң, бірді-ак, сүй, таңдал
тауып,
Көрсе қызар күнде асық диуаналық.

1) Бадалық — мақтаушылық.

Жастықта бір күлгенің бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жұр, баралық!
Бірімізді-біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, кәдір кетер,
Күлкіні онша күйлеп шуламалық.

Уайым ер қорғаны, есі барлық,
Кыйыны — бұл дүниенің қолы тарлық.
«Ehe-ehe»ге елірме, бозбалалар,
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсандағы сан құмарлық,
Алдында — уайым көп шошынарлық,
Жарлылық—жалынышты, жалтаң қөздік,
Сүйкімді икемі жоқ, шалдуарлық.

Әсем салдық, өлгенше кем қаларлық,
Оған да мезгіл болар токталарлық.
Үрлық қылар, тентірер, тамақ асырапар,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтса, ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса, ой саларлық.
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық.

Осы елде бозбала жоқ сөзді ўғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуарлық.
Әйтеуір, аксақалдар айтпады деп,
Жүрмесін деп азғана сөз шығардық.

1886

ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса жарайды қылса сұхбат¹⁾.

1) Сұхбат (арапша) — үйлесу, өзілі келісу:

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ үкқанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халінша.

Шын қөңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жаңса, күйсе!
Қырмызы, қызыл жібек, бозбалалар;
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға талаптылық,
Әртүрлі өнер мінез, жақсы қылық,
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп¹⁾),
Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық.

Кемдікүн қызық деурен тату өткіз,
Жетпесе біріндікін бірің жеткіз.
Күншіліксіз тату бол шын қөңілмен,
Қыянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсөң, басың қосып,
Біріннің бірің сөйле сөзің тосып.
Бірінді бірің ғиззат²⁾ құрмет етіс,
Тұргандай бейне қорқып, жаңың шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес,
Сүйікті әр білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңдан бір ауыз сөз айтып кулмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсан, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдал тауып, еппен жүрсөң,
Төбетке өлеңшіннің³⁾ бәрі бір бас.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдан көрсө қызар нәпсіге ерме.
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме.

1) Мақтан күйлеп — мақтан құмар болып.

2) Ғиззат (араша) — сыйлау, сый.

3) Өлеңшін — қаншық.

Көп жүрмес, жеңіккөйлік, әлі-ақ тозар,
Жаңалық жеңік құмар жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтып,
Қылт еткізбес қылықты, тамыршы озар.

Толқының жүрегінің қаттай таныр,
Бұлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көnlіне бір жанын пида қылып,
Білмestігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қанышқ.
«Бетім барда, бетіме кім шыдар» деп,
Кімі пандай келеді, кімі тантық.

Ақыл керек, іс керек, мінез керек;
Ер ўялар іс қылmas болса зерек.
Салак, олак, ойнашы, керім-кербез:
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Коржан сұық келеді кей сасық мый,
Ері ақылды, қатыны м'незді бол,
Тату болса, райыс¹⁾ үстіндегі үй.

Жоқ болса, қатыныңың жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ўяты бар,
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе жіріп,
Сазданба сен қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын, көңілі таза жүріп.

Құрбыңың тәуір болсын өз мінезі,
Абройлы қалжыңмен келсін сөзі.

1) Райыс (фарсыша) — рахат.

Сен оған мойын бұрып, сөз айтқанда,
Катыныңда болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сагу.
Көкргегінде қаяу жоқ, қыянат жоқ.
Қажымас, қайта айнымас, қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жыймас.
Меліш¹⁾), сауда сықылды күлкі сатып.
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асыл ұтыс секілді алыс-беріс,
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.
Бір койтке²⁾ таласып, бірі арам ғып,
Төбелескен, дауласқан, жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын бол ертіп алар.
Бірін-бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса, үйге таман,
Ата-анасы бүркүлдар онан жаман
Татулығы құрысын ойынымен,
Дәл соларға үқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, үяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады иғы да зор.

Қазактың қайсысының бар санасы,
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

1886

БАЗАРҒА ҚАРАП ТҮРСАМ, ӘРКІМ БАРАР

Базарға қарап тұрсам, әркім баар,
Іздегені не болса, сол табылар,

1) Меліш (өrysша — мелоч) — уақ-түйек.

2) Койт — асық ойынынан үтылғанға беретін көмек.

Біреу астық алады, біреу маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап, ақшасына сонаң алар.
Біреу ўқпас, бұл сөзді біреу ўғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.

Сөзді ўғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншак,
Біреуден біреу алыш, елге тарап.

Бір кісі емес, жазғаным жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ак, шырактар, ўксанды жарап.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

ҚӨЖЕКБАЙҒА

Жамантайдың баласы Қожек деген,
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы «сезед» деген.

1886

САБЫРСЫЗ, АРСЫЗ, ЕРІНШЕК

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Қөрсे қызар жалмауыз;
Сорлы қазақ сол үшін
Алты бақан, ала-ауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол арсыздық белгісі.
Үятсынбай-ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма үлгісі?!

Бір-ак секіріп шығам деп,
Бір-ак ырғып түсем деп,
Мертігеді, жатады,
Үрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп
Сүйтіп күдай атады.

«Бұл нен?» десе біреуге,
Жоқ нәрсені шатады.
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса, онысы,
Аударылып қонысы,
Алystan дәм татады.
Қызмет қылтып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып, ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, үргашы
Үйде қарап жатады.
Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп.
Пысық деген ат шықты,
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жұз құбылған салт шықты.
«Пысық кім?» деп сұрасан,
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден үялмай.
Сыбырдан басқа сырлы жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға,
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «ку»,
Ку ңәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтакқа
Арак ішпей мас болса.
Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жазады.
Үйде отырса, салбырап,
Тұзге шықса, албырап,
Кісіні көрсе, қылжаңдап.
Қалжыңшылсып, ыржандарап.
Өз үйінде қыйпаңдап,

Кісі уйінде күй таңдал,
Ақылы бар кісіні
Айбаттайды, даттайды,
Ауқаты бар туғанды
«Қайырсыз ит» деп жаттайды
Мал мен бақтың дұшпаны
Кеселді пысық көбейді;
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Ку тілменен құтыртып,
Қетер бір күн отыртып,
Қызмет қылған кісісін,
Құртуға таяйды.
Қылыш жүрген өнері
Харекеті-әрекет¹⁾
Өзі оңбаған ант ўрган
Кімге ойлайды берекет.
Кімді ойлап аяйды?!
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мактанмен,
Шының бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз,
Елдің жайы солайды.

18 87

КӨЖЕКБАЙҒА

(Ұзінді)

Бөтен елде бар болса,
Ежетесің, сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған
Көптен тату қыймасың.
Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрыңы
Не қылыш ол ойласын?!

Ашып берер жауыңа
Өзі көрген қоймасын.
Желіккен жауға кез болса,
Араздығы сөз болса,

1) Харекет-әрекет (арапша) — бұлдіріп жүр (істеген ісін) де-
ген мағнада.

Бәрекелді батыр деп,
«Мықты боп бара жатыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ-күдай айтысып,
Сыр алғалы айттым деп,
Жауыңды алдаң қайттым деп,
Күдайдан қорықпай ант үрған,
Иман жүзін тоздырар,
Келіп, кетіп көп журіп,
«Мен досыңмын» деп журіп,
Дүшпандығын оздырар.
Алдайды деп жауына,
Ел тарттырмай баурына,
Көрінгенді азғырар.
Кеселді болып бітеді
Жаксыға біткен жақындар
Жау жағадан алған күн,
Өздері иттей тақымдар.
Үйде отырып ескенде,
Бәрі шешен қақылдар.
Аулаққа шығып бірінің,
Бірі сөзін макұлдар.
Жау көп болса басында,
Бірі қалмас қасында,
Жетектесең, табандар
Далаға шығып өзінді,
Жаудан бетер жамандар
Жалбарынып, күн көріп,
Жақынын сатып, жөн көріп,
Қалтаң-құлтаң амалдар
Тұысканға кекшілі
Жас баладан бетерді,
Ойлауда жоқ, білу жоқ.
Келер менен кетерді.
Жақынға еріп мал салмай
Жауды көріп жан салмай
Қайдан ғана біледі,
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен өтерді.
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуел соナン естесін
«Ат үстінен көтерді».

Ауыр жұмыс кез болса
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден,
Кіржіцдеп жүріп кетерді.
Оңалып әгәр алдыңыз,
Әржерден-ақ қөбейер,
Ажарлыңыз, малдыңыз.
Пәленшені ўрам деп,
Түгеншені қырам деп,
Таршылықта қайраңдал,
Кеңшілікте ойрандал,
Қөп батырға қалдыңыз,
Әгәр тілін алсаңыз,
Бірі қалмас кісіден,
Әгәр тілін алмасаң,
Бықсып шіріп ішінен.
Әркімде-ақ бар ғой туыскан,
Қайсысы жауды қуыскан?
Күн жауғанда қойнында,
Күн ашықта мойнында,
Арылмае міндет болған сон,
Әркімнің қөнілі сусыскан.
Жақсыға біткен ағайын.
Өз үйінде қезексіз
Шешен келер сартылдал.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас қалтылдал.
Қалжыңға келер шорқақтау,
Жауға келер корқақтау,
Еркінді жерде ыза қор,
Томырық келер, тарқылдал.
Әдепиенен тамылжып,
Мінезі тәтті болмайды,
Сасық, пандай келеді,
Қырт мақтаншақ онбайды,
Кісімсініп жалпылдал,
Біреуге өктем іс қылса,
«Өз күшім» деп ойлайды.
Егер күші жетпесе,
Бағанағы жақсының
Қылғаны деп қоймайды.
Жат айдынар ісі жок,
Жау айдынар күші жок,

Өз еркінше жіберсөн,
Ешнәрсеге тоймайды.
Қалжыңы теріс, сөзі үрыс,
Айтқан сөзге көнбейді.
Өз тентегін көрмейді,
Қазан-бұзар бір қырыс
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Қоңілге медеу, ол тыныс.

1887

КӨКБАЙҒА

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қыйсайып, тартып мұрынын,
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп.
Әр нәрсенің орнын,
Керенау, керден, бір керім,
Жақпайды маған сол жерің!

1888

СЕГІЗ АЯҚ

(Ұзінді)

Алыстан сермен,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қыйуадан шауып,
Қыйсынын тауып,
Тағыны¹⁾ жетіп қыйырған;
Толғауы токсан қызыл тіл,
Сөйлейін десен, өзің біл!
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас;
Білгенге маржан,
Білмеске арзан.
Надандар бәһра²⁾ ала алмас;
Қыйналма бекер тіл мен жак,
Қоңілсіз құлақ ойға олак.

1) Тағы — жабайы аң.

2) Бәһра (парсыша) — ләззет, әсер,

Басында мый жок,
Өзінде ой жок
Күлкішіл кердең наданың;
Көп айтса көнді,
Жүрт айтса болды
Әдеті надан адамның;
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң айтпа сөз!
Қайнайды қаның,
Ашыйды жаның
Мінездерін қөргенде;
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде;
Ұятсыз, арсыз салтыңан
Қалғыш кетер артынан.
Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге;
Пайдасыз ақыл —
Байлаусыз тақыл
Атадан бала ойы өзге;
Санаңыз, ойсыз, жарым ес,
Оз ойында — ар емес.
Тасыса өсек,
Ыскыртса кесек,
Құмардан әбден шыққаны;
Күпілдек мақтан,
Табытын қакқан,
Андығаны, бакқаны;
Інсан, ўят, терең ой
Ойнаған жан жок, жауып қой.
Болмасын қекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жөн аямай кесіп қыл.
Орынсыз ыржан,
Болымсыз қылжан,
Бола ма дәulet, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін,
Үйренип, ойлап мал ізде.
Адал бол, бай тап,

Адам бол, мал тап,
Куансаң, куан сол кезде.
Бірінді қазак, бірің дос
Көрмесен—істің бәрі бос.
Малынды жауға,
Басынды дауға
Кор қылма, қорға, татулас:
Өтірік, үрлық,
Үкімет зорлық
Күрысын, көзің ашылмас;
Уятың, арың оянын
Бұл сөзімді ойлансын!
Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздыrap адам баласын;
Таласып босқа,
Жау болып досқа
Кор болып, күрып баrasын.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақтың болды ғой.
Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Кұлықты көргіш,
Сүмдикты білгіш,
Табылар кісі жөндерге.
Үш — төрт жылғы әдettің,
Өзіңе болар жендетің,

1889

МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ВРМЕК ҰШІН

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр үқпас, талапты үғар,
Көңіліңнің көзі ашық, сергек үшін.
Тузу кел, қыйсық, қыңыр, қырын келмей;
Сыртын танып, іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсыйды,
Өскен соң, мүндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды үқпай.
Және айта бер дейді жүрт тыным бермей.

Сөз айттым әзрет Әлі айдағарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз.
Қәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиренбейіз,
Түбі терен, сөз артық бір байқарсыз.

Бағырдан барымташи туар даңғой.
Қызышыл да, қызықшыл да—әуре жан ғой,
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз;
Елірмелі маскунем байқалған ғой.
Бес-алты мыйсыз бәнгі¹⁾) құлсе мәз боп
Қыйналмай, қызыл тілім, қел тілді ал қой!

Өлеңі бар, өнерлі інім сізге
Жалынамын, мұндей сөз айтпа бізге!
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер тузге,
Сәнкөй, даңқой, ойнашы, керім-кербез
Қанша қызық болады өзіңзге?!

1889

ӨЛЕҢ—СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

Өлең—сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қыйыннан қыйыстырар ер данасы,
Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жүргттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят хадіс²⁾ сөздің басы,
Қосарлы бәйт³⁾ сымал келді арасы.
Қыйсынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен оны алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мұнәжет⁴⁾ әулиелердің зар наласы.

1) Бәнгі — көк мый, әнгі!

2) Аят-хадіс (аралаша) — құран сөзі.

3) Бәйт (аралаша) — өлең.

4) Мұнәжет (аралаша) — ейінену.

Бір сөзін бір сөзіне қыйыстыра,
Әрбір келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс; сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсаң барлаң,
Мақалдалап айтады екен, сөз қосарлаң,
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қарман.

Қобыз берін домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жүрттЫ шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдаң,
Мал сұрап біреуді алдаң, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдаң,
Жыйса да бай болмапты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді бәрі дандақ.

Ескі бише отырман бос мақалдалап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдалап.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам. қыздыр-
малап,
Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің, бір сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жүрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жур табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме көп жамандап.

Амалдап, қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған мал күмар нені үға алсын,
Шықпаса мыңдан біреу талғап-талғап.

Мал жыйып, арамдықпен үрлап-қарлап,
«Қусын» десе, қуанып жүр алшаңдап.
«Қақса-сокса, бір пайда түсе ме» деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұнда» лап;

Ынсап, үят, ар, намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым ізdemейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

1887

ӨЛЕҢ

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы — ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз үзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр қызыққа жүрт ыржанышыл.
Қынамен¹⁾ де жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шылдақана,
Олар да өлең айттар шулап және.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпак, мақал бар байқап қара!

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен,
Өмірдегі қызығың бері өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селен.

Өлеңді айтпақ түгіл үға алмайсын,
Айтсан да, үддасынан²⁾ шыға алмайсын.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба.
Неге мұнша сіресіп қўп алмайсын?

¹⁾ Қына — қыз үзатар ойының бір түрі.

²⁾ Үдда-әлдә (арапша) — қанағат.

Өлең деген әр сөздің үнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы,
Сөзі тәтті, мағнасы түзу келсе,
Оған кімнің үнасар таласуы.

Қарны ток, қаса надан үқпас сөзді,
Сөзді, үғар, көкірегі болса көзді.
Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа оған да айттар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нен кетеді, жақсы өлең сөз айтқаннан!
Сүйінерлік адамды сүй қызмет қыл,
Аулақ бол, әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта, сөз танырлық кісі де аз-ак,
Ондай жерде сөз айтып болма мазак,
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазак.

Шортанбай, Дулат пenen Бұхар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі күрау,
Әттең дүние-ай сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ак көрініп түр-ау..

Мақсатым тіл үстартып, өнер шашпак,
Наданның көзін қойып, қоңілін ашпак.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойда жоқ, әуел баста-ак.

1888

ӘУЕЛДЕ БІР СУЫҚ МҮЗ, АҚЫЛ ЗЕРЕК

Әуелде бір сұық мұз, ақыл зерек,
Жылытқан тұла-бәйды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл қайрат, жүректі бірдей үста,
Сонда толық боласың елден бәлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым-есті жақсы демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек,

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Фылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жаң жосқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам, болайын — сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба нұрында жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жакпаушы еді.
Сүйкімді тірі жанға неткен жансын?!

Ғашықтық келсе жеңер бойынды алыш,
Жұдетең безгек ауру сықылданып.
Тұла бойды тоңғызар үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып.

1889

ОСЫ ҚЫМЫЗ ҚАЗАҚҚА

Осы қымыз қазакқа
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артынан
Ет даяр ма қасында?

Бойыңа сіңіп өрт болған,
Қызба бастық жасында.
Қызылшыл семіз, жаз қымыз,
Бір үлкен борыш басында.

Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма!
Үры, залым, куларға
Нысанага шаншылма.

Жылқыны аңдып үры жүр
Әр төбенің тасында.
Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?

Мақтанға бола жыям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас үрмә!
Қымыз семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма!

Мақтан қума, көрек қу,
Ойсыздарға қосылма!
Қойныңда ақша, қолда қой,
Күзетке онай, шошынба!

1901

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫН

Жастықтың оты, қайдасын!
Жүректі туртіп қозғамай!
Фылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?!

Адамның тауып айласын
Кісілікті ойламай,
Қаруың қөңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай.
Махаббат қызық кім көрер,
Оның дәмін татпаса?!

Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса?!

Аямай жаның дос ерер,
Жолдастықты актаса.

Алдыңа айдал кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса?

Мал бақпақтың шаруа бол,
Адал тауып асықпай —
Күр айғаймен әуре бол,
Өнердің жайын баса ўқпай.
Енді нені істейміз?
Бәрінен де бос қалдық!

Ауызға келіп түс дейміз,
Қылып жүріп күр салдық!!

1889

ӨЗІҢЕ СЕНБЕ, ЖАС ОЙШЫЛ

Өзіңе сенбе, жас ойышыл,
Тіл өнері дерптен тен.
Кеңілдің жүгін қыял қыл,
Ызаға тұтқын бой мән-зен.

Қасиет тұтып, ойға үмтыл,
Қан қайнап, куат егілсін.

Онан кері еңбек қыл,
Ұлы сусын төгілсін.

Ойлай берсең, ой деген
Не қызыққа келер кез,
Кісі айтпаған, білмеген,
Күй әдемі, тәтті сөз.

Тыңдама оны ұмыт сен,
Бұркен дағы бар да жат.
Тамылжытып айтқанмен,
Қыла алмассың сен қымбат.

Кез болсаң қайғы я зарға,
Құрсатып, тілді ұмтылтып.
Алып шықпа базарға,
Асаудайын бұлқынтып.

Қайғы дертің мейлі мың,
Саудаға салмак өзіңе ар.
Жаныңа түскен жараның
Ірінін нетсін надандар.

Біліп оған не керек?
Ішінен қайғы жемесен;
Жалтаңдаған жас жүрек,
«Байғұс-ай», десін демесен.

Өз бойыңа болып сақ,
Жан-жағыңа қарандар.
Құн көріп жүр күліп-ақ,
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін
Қайғы аман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрін,
Таттырмап па дүние зар?

Құлкі болмай қой, жаным!
Сен бүйтесің, ол қайтты?
Олар көрген арманың
Кімге шақты, кімге айтты?

КОРҚЫТПА МЕНІ Дауылдан

Корқытпа мені дауылдан,
Дүрілдеп тұрса, тау мен сай.
Шатырлап тұрған жауыннан,
Жарқылдап тұрса, түскен жай.

Көк торғындай аспан-көк,
Білемін, жайнап ашылар.
Исі аңқыған бәйшешек,
Тұрленіп жерді жасырап.

Корқытпайды қар мен мұз,
Әзге нәрсе қорқытты.
Ойсыз, доссыз, бақытсыз
Жыбырлақпен өмір өтті.

Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарал тұрмын сендерге.
Атасы басқа өзі жат
Жалғыз жанша жат жерде.

1897

МАХАББАТ, ДОСТЫҚ ҚЫЛУФА

Махаббат, достық қылуға
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көңлім ойлайды,
Жаңынц бері — қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды.
Еңбекке аз күн татымас.

1896

II. ӨНЕР-БІЛІМГЕ ШАҚЫРАТЫН ӨЛЕНДЕР

ЖАСЫМДА ФЫЛЫМ БАР ДЕП ЕСКЕРМЕДІМ

Жасымда фылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл маҳрум қалмағыма кім жазалы,
Қолымды деп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, тәске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жок.
Түбінде тыныш жургенді теріс көрмедім.

1885

ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР...

Интернатта оқып жүр
Галай казақ баласы —
Жаңа өспірім, көк өрім,
Бейне қолдың саласы.
«Балам закон білді» деп,
Куанар ата·анасы,
Ойында жоқ олардың
Шаригатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы,
Білсем деген таласы.
Прошение¹⁾ жазуға

) Прошение (орысша) — арыз- өтініш.

Тырысар келсе шамасы.
Бінсансызға не керек,
Істің ақ пен қарасы?
«Нан таппаймыз» демейді,
Бұлінсе елдің арасы.
Ежтіхатсыз, михнатсыз,
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панаы?
Орыс теріс айтпайды,
«Жаман бол» деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сүм боларды.
Орыста қалар жаласы,
Бұл іске кім виноват¹⁾)
Я Семейдің қаласы,
Я қазақтың аласы,
Ойында жоқ бірінің,
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат,
«Болсам» деген бәрінде ой.
Көңлінде жоқ санасы,
Ақылы кімнің бар болса,
Демес мүны тілі ашы,
Айтыңызы, болсаңыз
Здравомыслящий²),
Ақыл айтпай ма ағасы?
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуғе.
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге.
Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киүгे.
Бос мактанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға
Жанбай жатып сөнуге!
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күндө сөгуге?
Өнерсіздің қылышы:
Тура сөзін айта алмай,

¹⁾ Виноват — (орысша) айыпты.

²⁾ Здравомыслящий — саналы, дұрыс ойлаушы.

Қыйт етуге бата алмай,
 Қорлықпен шіруге.
 Аз ақшага жалданып,
 Өнбес іске алданып,
 Жол таба алмай жүрге.
 Алыс та болса, іздеп тап
 Кореннойға¹⁾ кіруге.
 «Талапты ерге нұр жауар»
 Жүріп өмір суруге.
 Я байларға қызмет қыл,
 Ерінбей шауып желуге.
 Адал жүріп, адал түр
 Счетын²⁾ тура келуге.
 Жаныңа жақсы соңынан
 Жалқауланба егуге.
 Қыйсық, болса, закон бар
 Судьяға беруге.
 Ол да оязной емес қой.
 Алуға тендік сенуге.
 Я өз бетіңмен тәуекел
 Занимайся прямотой,
 Женіл көріе, бек керек
 Оған да ғылым, оған да ой,
 Қалайша, қайда енуге.

1886

ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА

Ғылым таппай мақтанба,
 Орын таппай баптанба,
 Күмарланып шаттанба
 Ойнап босқа күлуге.
 Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол.
 Адам болам десеніз:
 Тілеуің өмірің алдында,
 Оған қайғы жесеніз.

Өсек, өтірік, мактаншак;
 Еріншек, бекер мал шашпак—
 Бес дүшпаның білсеңіз.
 Талап, еңбек, терен ой.

¹⁾ Коренной (орынша) — түпкі.

²⁾ Счет (орынша) — есеп.

Қанағат, рақым ойлап қой —
Бес асыл іс көнсөңіз.
Жамандық көрсөң — нәфрәтті¹⁾
Суытып көңіл тыйсаңыз.

Жақсылық көрсөң — гибратлы²⁾.
Оны ойға қыйсаңыз.
Фалым болмай немене,
Балалықты қыйсаңыз
Болмасаң да үксап бак,
Бір фалымды көрсөңіз.
«Ондай болмақ қайда?» деп
Айтпа ғылым сүйсөңіз.
Сізге ғылым кім берер
Жанбай жатып сөнсөңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі
Ғылымға көңіл берсөңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсөңіз.
Ақыл сенбей, сенбеніз
Бір іске кез келсөңіз,
«Ақсақал айтты, бай айтты»
Кім болса, мейлі сол айтты,
Ақылменен жеңсөңіз.
Надандарға бой бермей
Шын сөзбенен өлсөңіз.
Аят хадис³⁾ емес қой,
Кәпір болдың демес қой.
Қанша қарсы келсөңіз.
Көп орында көріне айтпа,—
Біздің сөзге ерсөңіз.
Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл.
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл
Көсем де өткен не дұлдұл,
Сөз мәнісін білсөңіз,
Ақыл мизан⁴⁾ өлшеу қыл.
Егер қыйсық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.

¹⁾ Нәфрәтті (арапша) — жеркенішті.

²⁾ Гибратлы — үлгілі, өнегелі.

³⁾ Хадис — пайғамбар сөзі:

⁴⁾ Мизан — өлшеуіш.

Егер тұзу көрінсе,
Ойлап-ойлап құлаққа іл.
Ақмақ көп, ақылды аз
Деме қөптің сөзі бұл.
«Жақыныңың сөзі тәтті» дей
«Жақының айтты» дей көрме.

Надандықпен кім айтса,
Ондей түпсіз сөзге ерме
Сізге айтамын, қаупым бұл.
Өзің үшін үйренсан,
Жамандықтан жиренсан
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсан,
Біреу білмес, сен білсан,
Білгеніңнің бәрі тұл.
Сөзіне қарай қісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әрнэрседен күр қалма,
Мұны жазған білген күл,
Ғұламаһы¹ Дауани²)
Солай дейді — ол сыншыл.
Сөзін оқып және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл гүл.

1886

ҚАРТАЙДЫҚ, ҚАЙФЫ ОЙЛАДЫҚ

Қартайдық, қайфы ойладық, үйқы сергек
Ашуың ашыған у, ойың кермек.
Мұндасарға кісі жок, сөзді үғарлық,
Кім көнілді көтеріп болады ермек.

Әзелде жас қартаймақ, туған өлмек,
Тағдыр жок, откен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

1) Ғұлама (арапша) — өте білгіш, галім, көп оқыған кісі

2) Дауани — кісінің аты.

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығындаپ қылық қылмай
Еріншек өздігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адап еңбек,
Үрлық, құлыш қылдың деп қағар қөлбек,
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адам зат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппак, мал таппак, адап жүрмек,
Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп,
Не қорлық, күр қылжанмен күн өткізбек.

Наданға арам, ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек¹⁾,
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің
Сөзінен сырдаң тартып тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көппен дүрмек.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек,
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,
Күдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбак kusынбак, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.

1) Бергек — сәндік үшін жаулықтың сыртынан басқа тағатын амал.

Арамдықпен бар ма екен жаңнан аспак
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек,
Адалдық, арамдықты кім тенгермек?..
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмак,
Иттей қор боп өзіне сөз келтірмек.

1886

III. ЖАРАТЫЛЫС СУРЕТИ

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды;
Үсті-басы ақ қырау, түсі сұық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды.
Үшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі қезін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.
Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.

Қар тепкенге қажымас, қайран жылқы,
Тыйтығы құруына тез тақалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, кор қылмаитке малды.

Соныға малды жайып, күзетіндер,
Үйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Күр жібер мына ант үрган кәрі шалды.

1888

13953
33



Сұр бұлт түсі сұық қалтайды аспан,
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.
Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.

Біреу малма сапсыйды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім,
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна катарланып, қайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр ол бір керуен.
Қай ауылды көрсөң де жабырқаңқы;
Құлқі-ойын, көрінбейді сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсен,
Көңілсіз қара сұық қырда жүрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсөң.

Қүзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса шаң тозаңы
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорықкан қазактың құрсын заңъ.

1889

ЖАЗФЫТҰРЫ

Жазғытұры қалмайды қыстың сывы,
Масатыдай құлпырып жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайрандасын жас күлер құрбысымен,
Көрден жаңа тұргандай кемпір мен шал
Жалбандасар өзінің түррьысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,
Көбелек пен құстар да сайды ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.

Көл жағалап мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздел, жүгіріп балалар мәз,
Үшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз.
Күс қатарлап байланған қанжығаға,
Қызы бұрандап жабысып, қылады наз.

Жазға жақсы киінер қызы-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл бәйшешек,
Қырда торғай сыйраса, сайды бұлбұл,
Таудағы әнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырап сәудегерлер,
Диқаншылар жер жыртып, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәulet өнер.

Безендіріп жер жүзін тәнірім шебер,
Мейірбандық, дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіце аспан төнер:

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге,
Рахметіне алланың көніл сенер,
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер
Адамзаттың көнілі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап.
Бір сараңнан басқаның пейлі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді, іште жігер.

Кемпір-шал шуак іздел, бала шулар,
Мал мазатсып, куанып, аунап-кунар.

Жыршы құстар әуеде өлең айтып.
Кыйку салар қолдегі каз бен кулар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз беріп,
Ол қайтсын қара түнде жарқылдамай.
Таң аткан соң шығарын құннің біліп,
Өнді қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн—күйеу, жер—калындық сағынышты,
Кұмары екеуінің сондай күшті,
Күн қырында жүргендеге, көп қожаңдал,
Күйеу келді, ай, жұлдыз көтін қысты.

Ай, жұлдызыра жылы жел кабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп,
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн күйеуін жер көксеп ала-қыстай,
Біреуіне біреуі қосылышпай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас құннің қозін,
Сүйіп жылып тұрады жан лебізін,
Қызыл арай сары алтын шатырына
Құннің кешке кіргенін көрді қозім.

1890

ЖЕЛСІЗ ТҮНДЕ ЖАРЫҚ АЙ

Желсіз түнде жарық ай
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы
Күлшырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып ән қосып
Үрген ит пен айтакқа,
Келмелеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа.

Тайманда май тамылжып,
Бір сұнып, бір ысып.
Дем ала алмай дамылғып,
Елең қағып бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па өді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?!

1893

ЖАЗ

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жүні қылтылда;
Ат, айғырлар, биeler
Бүйірі шығып ыңқылда,
Суда тұрып шыбында,
Күйріғымен шылпылда,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылда;
Жоғары, төмен үйрек, қаз
Ушып тұрса сымпылда;
Қызы-келіншек үй тігер
Бұрала басып былқылда;
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылда;
Көніл жаксы жайлана;
Бай да келер ауылға
Аяңшылы жылпылда,
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек,
Кеңесіп, күліп сылқылда;
Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін;
Ет әпер деп қыңқылда;
Көленке қылыш бағына,
Кілем төсеп астына,

Салтанатты байлардың,
Самауыры бүркүлдап;
Білімділер сөз айтса,
Бәйге атындаи аңқылдап,
Өзгелер басын изейді
«Эрине» деп мақұлдап,
Ақ көйлекті, таякты;
Ақсақал шығар бір шеттен
«Малтыңды әрі қайтар» деп
Малышыларға қаңқылдап;
Бай «байғұсым» десін деп
Шақырып қымыз берсін деп
Жарамсақсып жалпылдап;
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса
Тәңертеңен салпылдап;
Мылтық атқан, күс салған
Жас бозбала бір бөлек,
Су жағалап кутындал;
Қайырып салған көк күсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап,
Әткен күннің бәрі үмыт,
Қолдан келер қайрат жок.
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Кошамет қылып қарқылдап.

1886

ТЕРЕКТИҢ СЫЙЫ
(Лермонтовтан)

Асау Терек¹⁾ долданып, буырқанып,
Тауды бўзып жол салған тасты жарып,
Арыстанның жалындаи бўйра толқын
Айдаһардай бўктеліп жуз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ўлғайды су.

1) Терек—Кавказдағы өзен.

Қалың қайрат бойында, беті күліп
Момынсынған пішінмен ағады ку.

«Қавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп, ер жеткенмін.
Казбектен¹⁾ ағам ғені көксеп шығып;
Кім қақтықса, жолымда қүйреткенмін

Зор қеуде адамзаттың айласына,
Көнбей бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп айғай салсам;
Шың күтырсам шың тасты
тербеткенмін.

Аптығып асau інің келді, ақсақал,
Тау-таска, адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды;
Сәлем-сауқыт ап келдім, қош көріп ал.

Экелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ер-тоқым, атымен, қаруымен
Ер шеркешті²⁾ әкелген амалым бар».

«Мұның бәрі—тартуым сізге», — дейді,
«Ақылыңды айт ақсақал бізге» — дейді:
Бақша, завод, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді.
Картаң Қаспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үнде мейді.

«Азырқандың білемін, ақсақал шал,
Тентегінің сөзіне құлағың сал,
Қазақ-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны тағы ал!».

Кәрі Қаспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, козгалып, сылқ-сылқ күліп.
Қатынды алды, китықсыз араласты.

1898

1) Казбек — Қавказ тауыңың бір биігінің аты.

2) Шеркеш — Қавказдағы халық.

АТТЫҢ СЫНЫ

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак,
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды.
Ой желкелі, үнрэйген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, үзын тісті,
Қабыргалы, жотасы болса күшті,
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
